

**«Нұрлы ақыл – Разум и знания»
зияткерлік іс-шараларын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Алматы қаласының Қоғамдық даму орталығының «Толық адам» жобасы аясында өткізілетін **«Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» байқауы** шеңберіндегі **«Нұрлы ақыл – Разум и знания»** зияткерлік іс-шараларын (бұдан әрі – Зияткерлік іс-шаралар) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. **«Нұрлы ақыл – Разум и знания» зияткерлік іс-шаралары** жастардың зияткерлік әлеуетін, құқықтық сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін, азаматтық белсенділігін дамытуға және қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешу барысында білімді қолдануына бағытталған.

1.3. Зияткерлік іс-шаралардың ұйымдастырушы – «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры, Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы Қоғамдық даму орталығының тапсырысымен

2. Зияткерлік іс-шаралардың мақсаты

Зияткерлік дайындығы жоғары, көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан, белсенді азаматтық ұстанымы бар және білімін өзекті қоғамдық міндеттерді шешу үшін қолдана алатын жастарды анықтау және қолдау.

3. Зияткерлік іс-шаралардың міндеттері

- Абай философиясы мен «Толық адам» тұжырымдамасын насихаттау;
- жастардың құқықтық және азаматтық сауаттылық деңгейін арттыру;
- сыни ойлау мен талдау дағдыларын дамыту;
- қоғамдық қатысу мәдениетін қалыптастыру;
- дәлел келтіру, көпшілік алдында сөз сөйлеу және жобалық қызмет дағдыларын дамыту;
- болашағы зор жастар көшбасшыларын анықтау;
- инновациялық қоғамдық бастамаларды қолдау.

4. Зияткерлік іс-шараларға қатысушылар

4.1. Қатысуға:

- жоғары оқу орындарының студенттері;
- колледж студенттері;
- жас мамандар;
- жастар ұйымдарының өкілдері;

- Алматы қаласының белсенді жастары шақырылады.

4.2. Қатысушылардың жасы – **18-ден 35 жасқа дейін.**

4.3. Қатысу берілген өтінім негізінде жүзеге асырылады.

5. Зияткерлік іс-шараларды өткізу тәртібі

Зияткерлік іс-шаралар үш кезеңде өткізіледі.

I кезең. Іріктеу кезеңі. 2026 жылғы 1 тамыздан 9 қазанға дейінгі кезең.

Жоба аясында төмендегі алаңдарда кемінде **15 зияткерлік іс-шара** өткізіледі:

- жоғары оқу орындарында;
- колледждерде;
- бизнес-орталықтарда;
- креативті кеңістіктерде;
- жастар хабтарында;
- өзге де қоғамдық алаңдарда.

Іс-шаралардың форматтары:

- зияткерлік викториналар;
- шеберлік сабақтары;
- шағын конференциялар;
- пікірсайыстар;
- құқықтық кейс-сессиялар;
- азаматтық кейс-сессиялар;
- жобалық зертханалар;
- тақырыптық пікірталастар;
- сарапшылармен кездесулер.

Іс-шаралардың қорытындысы бойынша финалға қатысушылар анықталады.

II кезең.

Зияткерлік іс-шаралардың финалы. Өткізу күні: 2026 жылғы қараша айының бірінші онкүндігі, тапсырыс берушімен келісу бойынша.

Финал зияткерлік жарыс форматында өткізіледі.

Байқау бағдарламасы мыналарды қамтуы мүмкін:

- тестілеу;
- құқықтық кейстерді шешу;
- қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешу;
- жеке жобасын таныстыру;

- зияткерлік викторина;
- шешімдерді көпшілік алдында қорғау;
- сараптамалық қазылар алқасының сұрақтарына жауап беру.

III кезең. Қорытынды шығару

Жеңімпаздар жинаған ұпайларының жалпы сомасы бойынша анықталады. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады.

6. Байқау тапсырмаларының тақырыптары

Байқау тапсырмалары келесі бағыттар бойынша сұрақтарды қамтуы мүмкін:

- Абай философиясы және «Толық адам» тұжырымдамасы;
- құқықтық сауаттылық негіздері;
- азаматтардың құқықтары мен міндеттері;
- азаматтық белсенділік;
- қоғамдық бақылау;
- ұлттық бірегейлік;
- сыни ойлау;
- медиасауаттылық;
- дезинформацияға қарсы іс-қимыл;
- әлеуметтік жобалау;
- жастар саясаты;
- қазіргі заманғы қоғамдық сын-қатерлер;
- көшбасшылық және әлеуметтік жауапкершілік.

7. Бағалау критерийлері

Әрбір критерий он балдық жүйе бойынша бағаланады.

Негізгі критерийлер:

- білім деңгейі;
- ұстанымының дәлелділігі;
- білімді практикада қолдана білу қабілеті;
- ұсынылатын шешімдердің ерекшелігі;
- ойлау логикасы;
- құқықтық сауаттылық;
- азаматтық жауапкершілік;
- сыни ойлау;
- ұсыныстардың қоғамдық маңыздылығы;
- көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті;
- ақпаратпен жұмыс істей білу қабілеті;
- «Нұрлы ақыл» бағытының құндылықтарына сәйкестігі.

Ең жоғары ұпай саны – **120 балл.**

8. Сараптамалық қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына:

- жоғары оқу орындарының өкілдері;
- ғалымдар;
- заңгерлер;
- қоғам қайраткерлері;
- мемлекеттік органдардың өкілдері;
- білім беру саласындағы сарапшылар;
- жастар саясаты саласының мамандары;
- азаматтық қоғам өкілдері кіреді.

Қазылар алқасы байқауға қатысушыларды бекітілген критерийлер бойынша бағалайды.

9. Жеңімпаздарды марапаттау

Зияткерлік іс-шаралардың қорытындысы бойынша үш жеңімпаз анықталады.

I орын – 700 000 (жеті жүз мың) теңге

II орын – 500 000 (бес жүз мың) теңге

III орын – 300 000 (үш жүз мың) теңге

Жалпы сомасы 200 000 (екі жүз мың) теңге болатын ынталандыру сыйлығы.

Барлық жеңімпаздар дипломдармен және естелік мүсіншелермен марапатталады.

Қазылар алқасының шешімі бойынша ақшалай сыйақы қарастырылмайтын арнайы номинациялар белгіленуі мүмкін.

10. Ұйымдастыру сүйемелдеу

Ұйымдастырушы:

- кемінде 15 зияткерлік іс-шара өткізуді;
- финалдық іс-шараны ұйымдастыруды;
- кәсіби модератордың жұмысын;
- сараптамалық қазылар алқасын қалыптастыруды;
- ақпараттық сүйемелдеуді;
- фото және бейнетүсірілімді;
- үлестірме материалдарды дайындауды;

- байқауды бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялауды.

11. Финалдық іс-шара

Іс-шараның финалы креативті орталықта өткізіледі және мыналарды қамтиды:

- зияткерлік финал;
- үздік жобалар мен шешімдердің таныстырылымы;
- шақырылған сарапшылардың сөз сөйлеуі;
- жеңімпаздарды марапаттау рәсімі;
- фото және бейнесессия.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Байқауға қатысуға өтінім бере отырып, қатысушы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растайды және дербес деректерді өңдеуге, сондай-ақ байқау барысында алынған фото және бейнематериалдарды жобаның ақпараттық мақсаттары үшін пайдалануға келісім береді.

12.2. Ұйымдастырушы қатысушыларға уақтылы хабарлаған жағдайда, байқауды өткізу мерзімдеріне, қазылар алқасының құрамына және ұйымдастырушылық рәсімдерге өзгерістер енгізуге құқылы.

12.3. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және байқау толық аяқталғанға дейін қолданылады.